

Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 11541/2 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 тамызда № 6403 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 23
шілдедегі №11541/2 қаулысына қосымша

Қызылорда қаласы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы №5546 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 06 ақпандағы № 6989 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5735 тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" газетінде 2017 жылғы 1 наурызда, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 13 наурызда жарияланған);

2. "Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі №7609 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 8 тамыздағы № 8478 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5939 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 25 тамызда жарияланған);

3. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы №7696 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 8 тамыздағы № 8479 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5940 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 22 тамызда жарияланған).

